

**Бекітемін**  
**«Облыстық көркем өнерпаздардың**  
**Халық шығармашылығы мен кино**  
**бейнеқор орталығы» КМҚК**  
**басшысы Д.Қалқаев**  
**2025 жылғы «\_\_» қаңтар**

Наурыз мерекесіне орай Қостанай облысына қарасты қалала аудандарындағы ауыл клубының ұйымдастырушыларына арналған **«Сахналық жекпе-жек»** өнер байқауының  
**ЕРЕЖЕСІ**

**Өткізу уақыты**

2025 жылғы, 12 наурыз

**Өткізілетін орны**

Тобыл қаласы «Алтын дән» МҮ

**Ұйымдастырушылар**

- Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

**Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

- Қостанай өңірлік композиторларының әндерін кеңінен насихаттау;
- Ауылдық мәдени ұйымдастырушылар арасында тәжірибе алмасуына қолдау жасау;
- Ауыл клубтарының ұйымдастырушылары мен өнерпаздар арасында әншілік өнердің кәсіби деңгейін көтеру;
- Ауыл клубтары ұйымдастырушыларының шығармашылық, әдістемелік, ұйымдастыру жұмыстарына белсенділігіне қолдау көрсету;
- Республикалық, аймақтық, облыстық іс-шараларға талантты жаңа есімдерді шығарып таныту;

**Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар**

- байқауға Қостанай облысының аудан мен қалаларына қарасты ауыл клубының мәдениет ұйымдастырушылары мен өнер ұйымдарының өкілдері қатыса алады;
- байқауға қатысушылардың жас шамасы шектелмейді;

- байқау облыстық аудан, қалаларға қарасты ауыл клубтарының ұйымдастырушыларының арасында өтеді;

### **Байқаудың жалпы сипаттамасы**

*Байқау төрт кезеңнен тұрады*

#### **Бірінші кезең; бір (1) тапсырма;**

- Қатысушы ауыл клубтарының және ұжымдары мен өнерпаздарының жетістіктерінен, марапаттарынан, сонымен қатар өткізген іс-шараларынан, жалпы жасалған жұмыстары жайында көрме жасауы керек. (суреттер,

#### **Екінші кезең; бір (1) тапсырма;**

- Екінші кезеңде ауыл клубтарының ұйымдастырушылары қазылар алқасына 2024-2025 жылдары өткізген авторлық жобасын ұсынып қорғайды. Презентация нұсқасында фото, видеоларды пайдалануы керек. (жобаны қорғау уақыты 10 минут, Қазылар алқасы тарапынан сұрақтар қойылады).

#### **Үшінші кезең; бір (1) тапсырма.**

- Тобыл-Торғай өңірі композиторларының бір әнін орындайды; жеке аспапта немесе өзгеде өнерпаздардың сүйемілдеуімен орындайды. Аспапта ойнайтын өнерпаз саны төрт адамнан аспауы қажет.

#### **Төртінші кезең; бір (1) тапсырма.**

- Үміткердің таңдауы бойынша Наурыз мерекесіне орай салт – дәстүрге қатысы бар бір әнді орындауы шарт.  
**Мысалы:** «Жігіт сұлтаны», «Қыз қуу», «Ауыл тойы» т.б.  
Орындайтын әннің тақырыбына байланысты көрініс көрсетілуі керек. Қойылымға қатысатын өнерпаз 6 адамнан аспауы шарт.

### **Бағалау өлшемдері**

- Қатысушы барлық үміткерлердің жұмысы ережеде көрсетілген талаптарға сай болуы шарт;
- орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, даусының кеңдігі;
- сахна мәдениетін сақтай білуі;
- сахналық киім үлгісі.

### **Қазылар алқасы**

- Байқаудың қазылар алқасының құрамында республикаға, облысқа танымал кәсіби музыка, актер, мәдениет қызметкерлері және өнер мамандары шақырылады;
- Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;
- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

### **Байқауға қатысушы үміткерлерді марапаттау**

1-орын (біреу)

2-орын (біреу)

3-орын (біреу)

Қатысқаны үшін дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады

### **Өтінім беру шарттары**

- Өтініш (қатысушының екі кезеңде орындайтын репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс)
- Қатысушының тұрып жатқан ауылы жайында ақпарат (видео) бейне нұсқада тапсырылады. Уақыты 3-5 минут аралығында болуы шарт;
- жеке куәлігі құжатының көшірмесі.
- шығармашылық өмірбаяны, жалпы жұмыс жетістіктері, марапаттары;
- Қатысушының 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті.
- Әр қатысушы қызметіне қарасты қалалық немесе аудандық мәдениет үйлерінің демеушілік төлем шотын тапсырады.
  
- Өтінімдер қаңтар айының 31 күні сағат: 17:00-ге дейін [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электронды поштасы арқылы және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 мекен-жайы бойынша қабылданады.  
Байланыс телефоны: 8(7142) 56-01-29, 8707 563 3152

### **Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру**

- Қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын және тұрғын жаймен қамтамасыз етеу жіберуші жақ төлейді.

**Өтініш үлгісі:**